CENTEK®



ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

ШЫРЫНСЫҚҚЫШ

CT-1214

ҚУАТ • САПА • ДИЗАЙН

МАЗМҰНЫ

1 Қауіпсіздік шаралары
2. Құрылғының сипаттамасы
3. Жиынтығы
4. Жұмыстың реті
5. Құрылғыға күтім жасау
6. Техникалық сипаттамалары
7. Қоршаған ортаны қорғау, құрылғыны кәдеге жарату
8. Сертификаттау туралы ақпарат, кепілдік міндеттемелері
9. Өндіруші және импорттаушы туралы ақпарат

Құрметті тұтынушы!

«Centek» ТМ өнімдерін таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз және оны пайдалану ережелерін сақтасаңыз, осы өнімнің мінсіз жұмыс істеуіне кепілдік береміз.

Пайдаланар алдында, құрылғыны дұрыс және қауіпсіз пайдалану туралы маңызды ақпаратты қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.
Осы нұсқаулықтың сақталуын қадағалаңыз. Құрылғы тікелей мақсатына сай пайдаланылмаса және осы нұсқаулықта көрсетілген ережелер мен талаптар сақталмаса, сондай-ақ құрылғыны біліктілігі жоқ адам жөндеуге тырысқан жағдайда, өндіруші жауапкершілік алмайды. Құрылғыны басқа тұлғаның пайдалануына беруді қаласаңыз, оны осы нұсқаулықпен бірге беріңіз.

Шырын сыққыш тұрмыстық құрылғы болып табылады және өнеркәсіптік мақсаттарда пайдалануға арналмаған!

1.ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Сіз сатып алған құрылғы Ресей Федерациясындағы электр құрылғыларына қатысты қолданылатын барлық ресми қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келеді.
Өмір мен денсаулыққа қауіпті жағдайларды, сондай-ақ құрылғының мерзімінен бұрын істен шығуын болдырмау үшін төменде көрсетілген талаптар қатаң сақталуы керек:
1. Құрылғыны пайдалануға кіріспес бұрын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы нұсқаулықты, кассалық чекті және құрығы қаптамасын сақтап қойыңыз. Пайдалану нұсқаулығы жоғалған жағдайда жаңартылмайды, ал бұндай құрылғы кепілдіктен алынады. Осы тұрмыстық құрылғы үй жағдайларында пайдалануға арналған. Құрылғыны тек өзінің тікелей мақсатында ғана пайдаланыңыз.
2. Құрылғыны жылу көздерінің жанына қоймаңыз, тікелей күн сәулелерінің және ылғалдың (су және басқа сұйықтықтарға батыруға болмайды) әсеріне ұшыратпаңыз. Құрылғыны сулы қолмен ұстауға болмайды. Құрылғыға сұйықтық түссе немесе одан ақса, оны дереу электр желісінен ажыратыңыз.
3. Құрылғыны жұмсақ, тегіс емес, тұрақсыз беттерге орнатпаңыз. Құрылғыны қымтамаңыз.
4. Пайдаланған соң және тазарту алдында құрылғыны электр қуатының розеткасынан ажыратыңыз. Құрылғыны желіден ажыратқанда, қуат сымынан емес, ашасынан тартыңыз.
5. Жұмыс істеп тұрған құрылғының қозғалмалы бөлшектеріне тимеңіз.

6. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз. Құрылғыны қараусыз қалдырмаңыз. Желілік сым балалардың қолы жетпейтінде төселгеніне көз жеткізіңіз.
7. Сезім мүшелерін қабылдау қабілеті төмен адамдарға немесе психикалық науқастарға, сондай-ақ жеткілікті білімі жоқ адамдарға ешқашан тұрмыстық құрылғыны өз бетімен пайдалануға болмайды!
8. Құрылғы мен желілік баусымы зақымдалмағанын жиі тексеріп тұрыңыз. Ақаулы құрылғыны пайдалануға болмайды. Желілік баусым зақымдалғанда оны дереу өндірушіге, авторизацияланған сервистік қызметке немесе білікті маманға ауыстыртыңыз. Құрылғы жұмысына біліксіздікпен араласу немесе осы нұсқаулықта келтірілген құрылғыны пайдалану ережелерін сақтамаған жағдайда кепілдік жарамсыз болады.
9. Кедір-бұдырлы дәнекті, өзекті немесе қатты қабықты жемістер мен көкөністер үшін пайдаланбаңыз.
10. Пайдаланылатын жемістер мен көкөністерді мұқият жуыңыз.
11. Пайдалануды бастар алдында электр желісіндегі кернеудің құрылғыда көрсетілген кернеуге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
12. Тек түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдалануға рұқсат етіледі. Жеткізу жиынтығына кірмейтін керек-жарақтарды пайдаланбаңыз.
13. Құрылғыны қосу алдында оның толықтай әрі дұрыс құрастырылғанына, сондай-ақ үккіш дискінің нық орнатылғанына көз жеткізіңіз.
14. Құрылғы істеп тұрған кезде мойындықтағы өнімдердің орнын қолмен немесе үшкір заттармен итерге немесе түзетуге ешқашан әрекеттенбеңіз.
15. Құрылғыны тек жерге тұйықтағышы бар электр желісінің розеткаларына қосыңыз; тек жерге тұйықтау сымы бар 10 А типті екі полюсті ұзартқыштарды қолданыңыз.
16. Бір уақытта бірнеше энергия сиғыстын құрылғыларды пайдаланбаңыз, бұл тұрғынжайлардың электр желісіндегі ақауларға әкелуі мүмкін.
17. Құрылғыны қозғалтқышы толықтай тоқтаған соң ғана бөлшектеуге болады.
18. Желілік баусым зақымдалса, құрылғыда көзге көрінерлік зақымдар болса, құрылғы биіктен құласа немесе оған ылғал түссе, құрылғыны пайдаланбаған дұрыс.
19. Құрылғы пайдаланылмаған кезде, оның өшірілгеніне көз жеткізіңіз!
20. Құрылғыны 0 °С-тан төмен және 35 °С-тан жоғары температурада пайдаланбаңыз. Егер құрылғы ұзақ уақыт бойы нөлден төмен температурада болса, оны қосар алдында кем дегенде 3 сағат бұрын жылу берілетін тұрғын-жайға қойыңыз.
21. Мына жағдайларда ашаны электр желісіне қосулы ұстамаңыз: құрылғы дұрыс емес істегенде (қатты шуыл, діріл және т.б.); бөлшектеу немесе құрастыру алдында; әр пайдаланғаннан кейін.
22. Тіпті азғантай уақытқа алшақ кету керек болса, құрылғыны әрқашан электр желісінен ажыратыңыз.
23. Қаптама материалдар балаларға ықтимал қауіп тудыруы мүмкін және арнайы бөлек орында сақтап қою керек.
24. Көп мөлшерде өнім салынған құрылғыны 60 секундтан артық үздіксіз пайдаланбаңыз. Үздіксіз пайдаланған 1 минут сайын құрылғыны 2 минут тынықтырыңыз.
25. Құрылғының не оның бөлшектерінің сынуына не деформациялануына жол бермеу үшін, оларды қысқа толқынды пештің не 80 °С жоғары ыстық судың әсеріне ұшыратпаңыз.

Электр тогының соғу қаупі! Электр қозғалтқышы бар блокты ешқашан суға салуға болмайды! Өрт шығу қаупі бар! Құрылыға ешқашан тез тұтанғыш сұйықтықтар мен жанармай материалдарын тигізбеңіз.

2. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Сіз сатып алған өнім келесі сипаттарға ие:
- екі жұмыс жылдамдығы
- кең салатын мойындық (85 мм)
- шамадан тыс қызу мен жүктелуден қорғаныс
- көлемі 2,0 л күнжараға арналған контейнер
- төмен шуыл деңгейі
- металл корпус
- қақпақты құлыптау



1. Итергіш
2. Салатын мойындығы бар қақпақ
3. Алынбалы болат сүзгі-сепаратор
4. Сүзгі ұстағышы
5. Қысқыш сабы
6. Күнжараға арналған ыдыс
7. Корпус
8. Мотор деңгелегі
9. Жұмыс режимдерін ауыстырып-қосқыш
10. Шырынға арналған стақан

3. ЖИЫНТЫҒЫ

1. Шырын сыққыш - 1 дн;
2. Итергіш — 1 дн;
3. Күнжараға арналған стақан — 1 дн;
4. Шырынға арналған стақан - 1 дн;
5. Пайдаланушы нұсқаулығы – 1 дн.

4. ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

ЖҰМЫС РЕЖИМІ

0 - құрылғы өшірулі не тоқтатылған.
1 - жеңіл жұмыс режимі жидектер (қарбыз, құлпынай, томат немесе қияр сияқты жидектер мен көкөністер).
2 - қуатты жұмыс режимі (барлық рұқсат етілген көкөністер мен жемістердің түрлері)

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ҚҰРАСТЫРУ

1. Сүзгі ұстағышын орнатыңыз.
2. Сүзгіні сүзгі ұстағыш ішіне салыңыз. Үккіш дискінің нық орнатылғанына көз жеткізіңіз.
3. Күнжараға арналған ыдысты орнатыңыз.
4. Құрылғының жоғарғы бөлігін корпус үстіне орнатыңыз.
5. Қысқыш сабын корпустағы арнайы тесікке салыңыз.
6. Көбіксепаратор мен қақпақты шырынға арналған стақанға орнатып, шырынға арналған стақанды шығыс тесік астына қойыңыз.

ПАЙДАЛАНУ

1. Құрылғыны желіге қосыңыз.
2. Қатты дәнектері мен өзегін алдын ала алып, қатты қабынан тазартып, таза жемістер мен көкөністерді бөліктерге тураңыз.
3. Жұмыс режимдерінің ауыстырып-қосқышымен қажетті режимді орнатып, құрылғыны қосыңыз.
4. Жемістер мен көкөністердің дайын тілімдерін құрылғының салатын мойындығына салыңыз.
5. Өнімдерді итергішпен итеріңіз. Итергіштегі ойық салатын мойындықтың ішкі жағындағы шығыңқы бөлікпен сәйкес келуі тиіс.
6. Құрылғы жұмысы аяқталғанда оны электр желісінен ажыратыңыз.

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕСТЕР

- Балғын жемістер мен көкөністерді пайдаланыңыз, өйткені олардың құрамында шырыны көбірек болады. Ананастар, қызылшалар, балдыркөк сағақтары, ала, қияр, асжапырақ, қауын, қызанақ, анар және жүзімді осы шырынсыққышта өңдеуге болады.
- Жұқа қабынан тазартудың керегі жоқ. Тек қалың қабынан тазарту керек, мысалы, ананастар мен шикі қызылша. Сондай-ақ цитрус жемістердің ақ өзегін алып тастаңыз, себебі оларда ащылау дәм болады.
- Алма шырынын әзірлегенде шырын қоюлығының алма түріне байланысты болатынын есте сақтаңыз. Алма нәрлі болған сайын шығатын шырын сұйық болады. Қандай шырын түрін қалайтыныңызға байланысты алма түрін таңдаңыз.
- Алма шырыны жылдам қарайяды. Бұл үрдісті лимон шырынының бірнеше тамшысын қосып баяулата аласыз.
- Банан, папайя, авокада, зімбір және манго сияқты құрамында крахмал бар жемістер бұл шырын сыққышта өңдеуге жарамсыз. Бұл жемістерді өңдеу үшін асүй комбайнын, блендерді және т.б. пайдаланыңыз.
- Жапырақтар мен сабақтарды (мысалы, салат-латук) да осы шырын сыққышта өңдеуге болады.
- Сығылған шырынды бірден ішіңіз. Біраз уақыт өткен соң шырын өзінің дәмдік және құнарлық қасиеттерін жоғалтады.
- Максималды шырын көлемінің шығуы үшін, өткізгіш құрылғыны **баяу** итеріңіз.
- Бұл шырын сыққыш қант құрағы, сондай-ақ сүйекті жүзім сияқты аса қатты және/немесе талшықты, құрамында крахмал бар жемістер мен көкөністерді өңдеуге арналмаған.

5. ҚҰРЫЛҒЫҒА КҮТІМ ЖАСАУ

- Электр құрылғысын пайдаланған соң бірден тазалаған оңай.
- Электр құрылғысын тазарту үшін беттерді абразивті тазартқыш құралдарын, металл ысқышты, құрамында ацетон не спирт бар заттектерді және т.с.с. пайдаланбаңыз.

1. Электр құрылғысын өшіріңіз, ашаны электр желісінен алыңыз зәне сүзгі айналуын тоқтағанша күтіңіз.
2. Электркозғалтқышы бар блоктан барлық ластанған бөлшектерді алыңыз.

Электр құрылғысын мына ретпен бөлшектеңіз:

- Итергішті алыңыз
- Қысқыштарды бұғаттан алып, қақпақты шешіңіз
- Күнжараға арналған контейнерді ажыратыңыз
- Сүзгіні және сүзгіге арналған ұстағышты шешіңіз
- ыдыс жуғыш құрал шағын мөлшерде қосылған жылы суға малынған тазартқыш қылшақпен барлық бөлшектерді тазартып, су құбыры шүмегінің ағынымен шайыңыз
- Корпусты жұмсақ ылғал майлықпен сүртіп, құрылғы бөлшектерінің өз бетінше кебуіне жол беріңіз

ЫҚТИМАЛ АҚАУЛЫҚТАР	
Электр құрылғысы істемей тұр	Электр құрылғысы қауіпсіздік жүйесімен жабдықталған. Бөлшектері дұрыс құрастырылмаса, ол істемейтін болады. Алдымен электр құрылғысын өшіріп алып, барлық бөлшектерінің дұрыс орнатылғанын тексеріңіз
Алғаш пайдаланған уақытта қозғалтқышты тораптан жағымсыз иіс шығады	Бұл қалыпты болып саналады. Электр құрылғысы бірнеше минут өткен соң да осы жағымсыз иісті шығара берсе, өңделу уақытында өңделіп жатқан өнімдер мөлшерін тексеріңіз
Электр құрылғысы көп шуыл шығарады, жағымсыз иіс бөледі, қатты қызады, түтін шығарады және т.б.	Электр құрылғысын өшіріп, оны электр қуатынан ажыратыңыз. Көмек алу үшін жақын орналасқан сервистік орталыққа немесе дилерге жүгініңіз
Сүзгі бұғатталған	Электр құрылғысын өшіріңіз, өнім жіберетін түтікті және сүзгіні тазартыңыз және өнімдерді шағын порцияларда өңдеңіз

Сүзгі өнім жіберетін түтікпен жанасады және жұмыс барысында қатты дірілейді.	Электр құрылғысын өшіріп, оны электр қуатынан ажыратыңыз. Шырынға арналған коллекторда сүзгінің дұрыс орнатылғанын тексеріңіз. Сүзгі табанының қырлары жетекті білікке дәлме жәл сәйкес келуі тиіс. Сүзгінің зақымдалмағанын, микро жарықшақтардың пайда болмағанын тексеріңіз. Торлы дискінің тығыз жанаспауы немесе басқа кез келген бұзылулар ақаулы жұмысқа себеп болуы мүмкін. Сүзгіде сызаттарды немесе зақымдарды анықтағанда, электр құрылғысын пайдаланбаңыз және жақын орналасқан сервистік орталыққа немесе дилерге хабарласыңыз

6. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

- қуат кернеуі: 220-240 В ~ 50 Гц;
- максималды қуаты: 800 Вт.



7. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОҒАУ, КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Қаптама мен құрылғының өзі қайта пайдаланылатын материалдардан жасалған. Мүмкіндігінше, кәдеге жарату кезінде оларды қайта пайдаланылатын материалдарға арналған контейнерге тастаңыз.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

Пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін құрылғыны кәдімгі тұрмыстық қалдықтардан бөлек қоқысқа тастауға болады. Оны электрондық құрылғылар мен қайта өңдеуге арналған электр құрылғыларын жинауға арналған арнайы пункттке тапсыруға болады. Материалдар жіктелуіне сәйкес қайта өңделеді. Пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін бұл құрылғыны қайта өңдеуге тапсыру арқылы сіз қоршаған ортаны қорғауға үлкен үлес қосасыз. Электрондық құрылғылар мен электр құрылғыларын қайта өңдеуге қабылдау пункттерінің тізімін мемлекеттік биліктің муниципалды органдарынан алуға болады.

8. СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ, КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Сіз сатып алған құрылғы Ресей Федерациясындағы электр құрылғыларына қатысты қолданылатын барлық ресми ұлттық қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келеді.
РФ «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» федералдық заңының 5-бабының 2-тармағына сәйкес өндіруші орнатқан. Осы өнім үшін пайдалану мерзімі, өнім осы пайдалану нұсқаулығына және қолданыстағы техникалық стандарттарға қатаң сәйкес қолданылған жағдайда, соңғы тұтынушыға сатылған сәттен бастап 3 жылды құрайды. Өнімнің шығарылған күні сериялық нөмірде көрсетілген (2 және 3-таңба – жыл, 4 және 5-таңба – шығарылған ай). Қызмет ету мерзімі аяқталған құрылғыны әрі қарай пайдалану ұсыныстарын алу үшін ең жақын орналасқан уәкілетті сервис орталығына хабарласыңыз. Кепілдікті және кепілдіктен

кейінгі қызмет көрсетуді Краснодар қ. «Ларина-Сервис» ЖШҚ бас қызмет көрсету орталығы жүзеге асырады. Тел.: 8(861) 2-6ОО-9ОО. Сіз өз қалаңызда қызмет көрсету орталығының бар екені туралы көрсетілген телефон нөмірі арқылы немесе **www.centek.ru сайтынан біле аласыз.** Өнімнің сәйкестік сертификаты бар: 16.01.2017 жылғы № ТС RU С-С1\).АУО5.В.ОО918.

Өнім сертификатталған және барлық қажетті еуропалық және ресейлік стандарттарға сәйкес келеді

9. ӨНДІРУШІ, ИМПОРТТАУШЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

РФ аумағындағы импорттаушы: ЖК Асрумян К. Ш.
Мекенжайы: Ресей, 350912, Краснодар қ. Пашковский ктқ, Атамана Лысенко к-сі, 23. Тел.: 8(861)2-600-900.

ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ЖЕМІСТЕР МЕН КӨКӨНІСТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ҰСЫНЫСТАР КЕСТЕСІ

Жемістер/Көкөністер	Витаминдер/Минералды заттектер	кДж/Калориялар
Алма	С витамині	200 г = 150 кДж (72 калория)
Өрік	D, F витаминдеріне бай, құрамында калий бар	30 г = 85 кДж (20 калория)
Қызылша	Фолий қышқылының, D, F, С витаминінің және калийдің көзі	160 г = 190 кДж (45 калория)
Қаражидек	С витамині	125 г = 295 кДж (70 калория)
Брюссель орамжапырағы	С, В, В6, Е витаминдері фолий қышқылы және D, F	100 г = 110 кДж (26 калория)
Орамжапырақ	С витамині, фолий қышқылы, калий, В6 және D, F	100 г = 110 кДж (26 калория)
Сәбіз	А, С, В6, Е витаминдері және D, F	120 г = 125 кДж (30 калория)
Балдыркөк	С витамині және калий	80 г = 55 кДж (7 калория)
Қияр	С витамині	280 г = 120 кДж (29 калория)
Волош аскөгі	С және D, F витаминдері	300 г = 145 кДж (35 калория)
Жүзім	С, В6 витаминдері және D, F	125 г = 355 кДж (85 калория)
Киви	С витамині және калий	100 г = 100 кДж (40 калория)
Қауын	С витамині, фолий қышқылы, D, F және А витамині	200 г = 210 кДж (50 калория)
Нектарин	С, В3 витаминдері, калий және D, F	180 г = 355 кДж (85 калория)
Шабдалы	С, В3 витаминдері, калий және D, F	150 г = 205 кДж (49 калория)
Алмұрт	D, F витаминдері	150 г = 250 кДж (60 калория)
Ананас	С витамині	150 г = 245 кДж (59 калория)
Таңқурай	С витамині, темір, калий және магний	125 г = 130 кДж (30 калория)
Картоп	С, D, F, витамині, Е фитамині, фолий қышқылы және А витамині	100 г = 90 кДж (22 калория)

ҚҰРМЕТТІ САТЫП АЛУШЫ,

Барлық құрылғыға кепілдік мерзімі сатып алынған күннен бастап 12 ай. Осы кепілдік талоны арқылы өндіруші бұл құрылғының
жарамдылығын растайды және өз кінәасынан болған барлық ақаулықтарды тегін жөндеу міндеттемесін өзіне алады. Кепілдікті жөндеу өндірушінің 350080, Краснодар қ., Демус к-сі, 14 мекенжайында орналасқан «Ларина-Сервис» ЖШҚ уәкілетті қызмет көрсету орталығында жүргізіледі. Тел.: 8 (861) 2-6ОО-9ОО.

КЕПІЛДІКТІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТТАРЫ-

1. Кепілдік келесі рәсімдеу талаптары сақталғанда жарамды: өндірушінің түпнұсқа кепілдік талонына үлгі атауын, оның сериялық нөмірін, сатылған күнін дұрыс әрі анық жазып толтыру, кепілдік талонында сатушы-фирманың мөртаңбасы және сатушы-фирма өкілі қолының болуы, әр үзбе талонда мөртаңбалар мен сатушы қолының болуы; жоғарыда аталған құжаттар ұсынылмаған жағдайда немесе олардағы ақпарат толық емес, анық емес, қарама-қайшы болған жағдайда Өндіруші кепілді қызмет көрсетуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады.
2. Кепілдік келесі пайдалану талаптары сақталған кезде қолданыста болады:
- құрылғыны пайдалану нұсқаулығына қатаң сәйкестікте қолдану;
- қауіпсіздік ережелері мен талаптарын сақтау.
3. Құрылғы иесінің үйінде мерзімді қызмет көрсету, тазалау, орнату, күйлеу кепілдікке кірмейді.
4. Кепілдікке қатысты қолданылмайтын жағдайлар:
- механикалық зақымданулар;
- құрылғының қалыпты тозуы;
- пайдалану талаптарын сақтамау немесе иесінің қате әрекеттері;
- қате орнату, тасымалдау;
- табиғи апаттар (найзағай, өрт, су тасқыны және т. б.), сондай-ақ сатушы мен өндірушінің бақылауынан тыс басқа себептер;
- өнімнің ішіне бөтен заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің түсуі;
- уәкілетті емес тұлғалардың жөндеуі немесе құрылымдық өзгерістер енгізуі;
- құрылғыны кәсіби мақсаттарда пайдалану (жүктеме тұрмыстық пайдалану деңгейінен асады), құрылғыны мемлекеттік техникалық стандарттарға сәйкес келмейтін электр телекоммуникациялық және кабельді желілерге қосу;

егер бұйымның керек-жарақтарын ауыстыру құрылымда көзделген болса және бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, бұйымның келесі керек-жарақтарының істен шығуы:

а) қашықтан басқару пульттері, аккумуляторлық батареялар, қуат көзінің элементтері (батареялар), сыртқы қуат көзінің блоктары және зарядтағыш құрылғылар.

б) батареялармен істейтін құрылғыларға арналған шығын материалдары мен керек-жарақтар (қаптама, қаптар, белдікшелер, сөмкелер, торлар, пышақтар, колбалар, тәрелкелер, тұғырлар, шарбақтар, шанышқылар, шлангілер, түтіктер, қылшақтар, қондырғылар, шаң жинағыштар, сүзгілер, иіс сіңіргіштер), - сәйкес келмейтін немесе заряды таусылған батареялармен жұмыс істеу;

аккумуляторлардан жұмыс істейтін құрылғылар үшін - аккумуляторларды зарядтау және қайта зарядтау ережелерін бұзуға байланысты туындаған кез келген зақымданулар.

5. Өндіруші осы кепілдікті қолданыстағы заңнамада белгіленген тұтынушының құқықтарына қосымша ретінде ұсынады және ешқандай түрде оларды шектемейді.

6. Өндіруші ТМ «Centek» өнімдерінің адамдарға, үй жануарларына, тұтынушыға және (немесе) басқа үшінші тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде келтірген ықтимал залалдары үшін, егер бұл өнімді пайдалану, орнату ережелері мен талаптарын

сақтамау; тұтынушының және/немесе басқа үшінші тұлғалардың қасақана және/немесе абайсыз әрекеттері (әрекетсіздігі), еңсерілмейтін күш жағдайларындағы әрекеттері нәтижесінде туындаған болса, жауапкершілік алмайды.

7. Сервистік орталыққа жүгінген кезде, өнім тек таза түрде беріледі (құрылғыда тамақ қалдықтары, шаң және басқа ластаушы заттар болмауы тиіс).

Өндіруші алдын ала ескертусіз құрылғының дизайны мен техникалық сипаттамаларын өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

Осы өнім үшін пайдалану мерзімі, егер өнім осы пайдалану нұсқаулығына және қолданыстағы техникалық стандарттарға қатаң сәйкес қолданылған жағдайда, өндірілген күнінен бастап 3 жылды құрайды. Пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін құрылғыны әрі қарай пайдалану бойынша ұсыныстар алу үшін уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Өнімнің шығарылған күні сериялық нөмірде көрсетілген (2 және 3-таңба – жыл, 4 және 5-таңба – шығарылған ай).

ҚУАТ • САПА • ДИЗАЙН

WWW.CENTEK.RU